

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен қараудың үлгі регламенті</b>	ӘН V-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 7ден 1 бет
--	---	---

## **ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

---

### **ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ҚАРАУДЫҢ ҮЛГІ РЕГЛАМЕНТІ**

**ӘН V-04-2022**

**Әзірлеген: АМД директоры  
Ударцева С.М.**

  
\_\_\_\_\_

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен қараудың үлгі регламенті</b>	ӘН V-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 7ден 2 бет
--	---	---

## Мазмұны

1	Қолданылу саласы	3
2	Жалпы ережелер	3
3	Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	4
4	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	4
5	Сақтау	4
6	Талдау және өзектендіру	5
7	Өзгерістер енгізу	5
	А қосымшасы Келісу парағы	6
	Б қосымшасы Танысу парағы	7

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен қараудың үлгі регламенті</b>	ӘН V-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 7ден 3 бет
---	---	---

## **1 Қолданылу саласы**

Осы Әдістемелік нұсқаулық жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және қарау процесін тиімді іске асыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқаулық білім беру үдерісіне қатысатын «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне арналған және сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

## **2 Жалпы ережелер**

2.1 Жұмыс оқу бағдарламаларын (syllabus) әзірлеу ЕР X-01-2022 талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2.2 Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитеті оқу жылы ішінде жаңа білім беру бағдарламалары мен пәндеріне сәйкес syllabus-ты қарастырады.

2.3.1 Syllabus – ты жұмыс оқу жоспарына сәйкес пәнді қамтамасыз ететін автор (авторлар) - лекторлар мен кафедра оқытушылары әзірлейді. Бұл ретте бағдарламалар жұмыс тәртібімен осы блоктың басқа пәндерінің бағдарламаларымен келісіледі.

2.3.2 Syllabus пәнді қамтамасыз ететін кафедрада талқыланады.

2.3.3 Syllabus жалпы мақұлданған жағдайда, әзірлеуші оларға қажетті және келісілген өзгерістер енгізеді және пәнді қамтамасыз ететін кафедра меңгерушісіне бекітуге ұсынады. Кафедра меңгерушісі әзірлеушімен талқылағаннан кейін syllabus-қа қажетті түзетулер енгізе алады. Syllabus-қа Пәнді қамтамасыз ететін кафедра меңгерушісі syllabus-қа қол қояды және осы пән оқылатын кафедрамен келісіледі.

2.3.4 Пәнді қамтамасыз ететін Кафедра аталған пәнді оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етуге жауапты. Кітапханада қажетті (негізгі) әдебиет болмаған жағдайда кафедра оқу процесін әдістемелік және оқу материалдарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ өзінің оқу-әдістемелік әдебиетін басып шығаруды жоспарлайды.

2.3.5 Факультеттің кафедралары факультеттің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін әзірлейтін syllabus (соның ішінде кафедра өзі үшін немесе факультеттің басқа кафедрасы үшін әзірлейтін бағдарламалар) факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасына жіберіледі.

2.3.6 Факультеттің сапасын қамтамасыз ету Комитетінің төрағасымен келісу кезінде осы бағдарламаларды қарау үшін оның отырысының нақты күні белгіленеді. Отырыс күні шығарушы кафедраларда және сапаны қамтамасыз ету комитеттерінде syllabus деректерін зерделеуге кемінде үш апта бөлінетіндей есеппен белгіленеді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен қараудың үлгі регламенті</b>	ӘН V-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 7ден 4 бет
---	---	---

2.3.7 Syllabus факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетіне және бітіруші кафедраларға отырыстың нақты күні мен уақытын көрсете отырып беріледі.

2.3.8 Syllabus қарау бойынша факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетінің отырысы кафедра меңгерушілерінің, бағдарлама әзірлеушілерінің (тиісті пәнді оқуды қамтамасыз ететін оқытушылар) міндетті шақыруымен өтеді. Шығарушы кафедра ұсынылған Syllabustан бас тартқан жағдайда немесе елеулі ескертулер болған жағдайда, жоғарыда белгіленген тұлғалардың болуы міндетті.

2.3.9 Syllabus қарау бойынша сапаны қамтамасыз ету комитетінің отырыстарына үнемі шақырылады: факультет деканы, факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, факультет кафедраларының меңгерушілері.

2.3.10 Егер факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетінің отырысында қарау нәтижесінде бағдарламаларға бітіруші кафедралардың ең болмағанда біреуі қайта қол қоймаса, онда мәселе факультет Кеңесіне шығарылады.

2.3.11 Syllabus әзірлеушісі оларды оқу процесін ұйымдастыру басқармасына ұсынады.

2.3.12 Барлық келісуші қолдарын қойғаннан кейін бағдарламаға университеттің Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректоры бекітіледі.

2.4.13 Syllabus әзірлеушісі бекітілген бағдарламаның көшірмесін кафедраға ұсынады.

2.3.14 Бекітілген syllabus негізінде дәрістер, семинар сабақтарының жоспарлары, практикалық сабақтар, зертханалық жұмыстар және басқа да оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әзірленеді.

### **3 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу**

Осы ӘН-пен келісу СБӨ-мен, басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректормен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (Б қосымшасы) ресімделеді.

Құжатты бекіту/келісу күні құжатты енгізу күні болып есептеледі. Құжат бекітілген сәтте күшіне енеді.

### **4 Қолжетімділікті қамтамасыз ету**

Бөлімшелерді осы ӘН даналарымен қамтамасыз ету сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

### **5 Сақтау**

Осы ӘН-ты сақтау ҚР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен қараудың үлгі регламенті</b>	ӘН V-04-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 7ден 5 бет
--	---	---

## **6 Талдау және өзектендіру**

Осы ӘН-ты тексеру, талдау және өзектендіру ҚР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

## **7 Өзгерістер енгізу**

Осы ӘН-қа өзгерістер енгізу ҚР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.



